

# Іле Алатауы



# Жоспары



# Сипаттамасы




Қазақстан мен Қырғызстан шекарасында. Ұзындығы 35 км. Бірқатар шыңдары 4500 – 5000 м биіктікке жетеді (Талғар шыңы, 4973 м). Қазіргі мұздықтар да сонда шоғырланған. Іле Алатауы кембрийге дейінгі дәуірдің және төменгі палеозойдың гранит, конгломерат, әктас, құмтас, тақтатастардан түзілген. Іле Алатауында жалпы ауданы 478 км<sup>2</sup> болатын 381 мұздық бар. Тау бастарын мәңгі қар мен мұз басқан. Жотаның солтүстік бөктерінде Алматы қаласы, солтүстік беткейінде Іле Алатауы ұлттық табиғи саябағы орналасқан.

# Геологиялық құрылымы

? Іле Алатауы кембрийге дейінгі дәуірдің және төменгі палеозойдың гранит, конгломерат, әктас, құмтас және тақтатастарынан түзілген. Каледон тау түзілімінде пайда болған жота силурден бастап ұзақ уақыт денудацияға ұшырап, аласарған. Неоген мен антропогендегі жаңа тектоникалық қозғалыстардың нәтижесінде денудациялық жазықтар мен ұсақ шоқылардың орнына биік таулы жер бедері түзілген. Тектоникалық қозғалыстар қазірге дейін жалғасуда. Плейстоценде бірнеше қайтара мұз басуға ұшыраған.

# Жер бедері

? Қаскелең мен Түрген өзендерінің аралығындағы орталық бөлігі биік. Мұнда гляциалдық-альпілік жер бедері – қырлы жалдар, сүйір шыңдар, қия жартастар, қарлар таралған. Бірқатар шыңдары 4500 – 5000 м биіктікке жетеді (Талғар шыңы, 4973 м). Қазіргі мұздықтар да осында шоғырланған. Шілік және Кемін өзендерінің бастауында Іле Алатауы Күнгеі Алатауына жақындап, Шілік-Кемін тау түйінін құрайды. Орталық биік бөлігінен батыс және шығысқа қарай жота біртіндеп аласарады. Жотаның шығыс бөлігі ұзына бойғы аңғарлармен бір-біріне жарыса созылып кететін Бақай, Сарытау, Сөгеті, Бұғыты, Торайғыр тау тізбектеріне бөлшектелінеді. Батыста беті тегістеу келген Қастек, Кіндіктас аласа тауларына өтеді. Іле Алатауының оңтүстік беткейі тік және аз тілімделген. Солтүстік беткейі біршама көлбеу. Орта таулы өңірден төменде тау алдының адырлары айқын байқалады.





# Климаты, климаттық белдеулері


- ? Климат жағдайлары биіктік белдеміне сәйкес. Шілденің орташа температурасы тау етегіндегі аңғарларда 20 – 25°С-тан тау басында 0°С-қа дейін және онан да төмен түседі. Қаңтардың орташа температурасы етегінде –6 – 8°С. Температуралық инверсияға байланысты 1500 – 1600 м биіктікке дейін біршама жоғарылайды да одан әрі қайтадан төмендейді. Жылдық жауын-шашын тауалды өңірінде 500 – 600 мм-ден биік, таулы белдеуде 800 – 900 мм дейін. Іле Алатауыда жалпы ауданы 478 км<sup>2</sup> болатын 381 мұздық бар. Ең ірісі – Корженевский мұздығының ұзындығы 4,7 км. Өзендері Іле мен Шудың алабына жатады. Олардың суға молығуында мұздық пен қар суы негізгі орын алады. Табиғат белдеулері солт. беткейінде толық көрінеді. Шөлейт, қуаң дала, әр түрлі шөпті, бұталы, орманды-шалғынды дала, субальпі және альпі белдеулері айқын жіктелген. Тау бастарын мәңгі қар мен мұз басқан. Солтүстік бөктерінде – Алматы қаласы орналасқан. Кіші Алматы өзені аңғарында селге қарсы бөгет салынған







# Географиялық орны





# Пайдаланылған әдебиеттер

? Қазақ Энциклопедиясы, 9 том





HA3APΛAPYHЫ3ΓA PAXMET

